

А.А. Маймурунова, Е.М. Арын

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: akkma@mail.ru)*

## **Қарағанды облысының моноқалаларының инновациялық даму стратегиялары**

Мақалада Қарағанды облысында моноқалаларды инновациялық жаңғырту мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ моноқалалардың қалыптасуы мен дамуының алғышарттары мен әлеуметтік-экономикалық салдарлары анықталды. Қазақстан Республикасының моноқалаларды дамытудың 2012–2020 жылдарға арналған бағдарламасын жүзеге асыру нәтижелеріне бағалау жүргізілді. Сонымен қатар Қазақстанда монобейінді жергілікті құрылымдарда жедел шешуді талап ететін өзекті экономикалық мәселелері ажыратылды. 2014–2017 жж. арналған Қарағанды облысының негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін талдау нәтижесінде дағдарыстар мен өзгерістердің моноқалалардың экономикалық жағдайына әсер ету салдары анықталып, облыстың моноқалаларын әлеуметтік-экономикалық дамыту және халықтың өмір сүру деңгейін арттыру қажеттілігі негізделген. Облыстың көптеген моноқалаларында халық саны қысқарып, халық санының едәуір қысқаруы Шахты, Абай, Теміртау, Жезқазған және тағы басқа қалаларында байқалатыны айқындалды. Талдау нәтижесінде моноқалаларды, жоғары әлеуметтік мәселелері бар қалаларды дамыту бағдарламалардың жүзеге асырылуы жеткіліксіздігі анықталып, тұрақты экономикалық мәселелерді шешу үшін жергілікті билік органдарының құзыреті мен атқарушы функцияларын кеңейту қажеттігі анықталды. Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырудан басқа, әрбір моноқалада аумақтың бәсекеге қабілеттілігіне бағдарланған ресурстық әлеуетін ескере отырып, дамудың, инновациялық дамудың өзіндік стратегиясын әзірлеуі тиіс.

*Кілт сөздер:* моноқалалар, инновация, инновациялық даму, инновациялық стратегия, экономиканы әртараптандыру, қалақұраушы кәсіпорындар, әлеуметтік-экономикалық мәселелер, экономикалық әлеует.

XXI-ші ғасырдың қалалары, оның ішіндегі шағын және моноқалалар қазіргі уақытта зияткерлік, экономикалық, адами капиталдың тұрақты жоғары деңгейіне ие, әлемнің көптеген елдерінің даму стратегиясын анықтайды, олардың ұлттық және халықаралық деңгейлерде бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Аталмыш аумақтарда дамудың жаңа трендтері туындап, жаңа экономикалық потенциалдары ашылады, онда жекелеген аумақтар мен елдердің дамуының қозғаушы күші болып табылатын шығармашылық, инновациялық және коммуникациялық орталықтары құрылуы әбден мүмкін.


Моноқалалардың құрылу тарихына жүгінсек, мемлекеттік тапсырыс бойынша әкімшілік-командалық экономиканың қажеттіліктерін қанағаттыру үшін құрылғандықтан, олар әсіресе нарықтық жағдайда өте сезімтал болып келеді [1; 53].

Алайда атап айтатыны, шағын және моноқалалардың ірі мегаполистер мен қалалардан өзіндік артықшылықтары мен басым тұстары да бар:

- 1) елді мекеннің табиғатқа, табиғат ресурстарына жақын орналасуы;
- 2) болашақтағы өсу мен даму үшін бос аумақтардың бар болуы;
- 3) салыстырмалы түрде қолайлы экологиялық жағдай;
- 4) анағұрлым аз шиіленіскен өмір ырғағы;
- 5) жұмыс орнына жетуге аз шығын жұмсау және т.б.

Төмендегі суретте моноқалалардың қалыптасуы мен дамуының негізгі алғышарттары мен әлеуметтік-экономикалық салдары анықталған. Шын мәнінде, моноқалалардың қалыптасуы мақсатқа бағытталған мемлекеттік саясаттың салдары екені айқын.

Моноқалалардың маманданған құрылымы белгілі бәсекелестік артықшылықта және де сонымен бірге тәуекелдік факторы да болып ажыратылады [2; 265]. Суретте көрсетілгендей, аталмыш тәуекелділік жаңа өнімдерге деген сұранысты арттыру және кәсіпорын қызметін тиімді әртараптандыру мақсатында инновациялық жаңғыртудың шынайы ынталандыруларын тудырады.



Ескерту. [3; 56] әдебиет көзін пайдалана отырып, авторлар құрастырған.

Сурет. Моноқалалардың қалыптасуы мен дамуының негізгі алғышарттары мен әлеуметтік-экономикалық салдары

Үздіксіз өзгеріске ұшырап отыратын сыртқы орта күшіне орай Қарағанды облысының моноқалаларының, Қазақстанның басқа да аймақтарының моноқалалары сияқты әлеуметтік-экономикалық өзекті мәселелері айтарлықтай жеткілікті, сондықтан оларға деген назар ерекше болуға тиісті. Сонымен, соңғы онжылдықта алғаш рет мемлекет тарапынан моноқалалардың экономикасын көтеру қолға алынды. Мемлекет басшысының Жолдауын жүзеге асыру аясында ҚР экономикалық даму және сауда министрлігі моноқалаларды дамытудың 2012–2020 жылдарға арналған бағдарламасының жобасын құрастырып жүзеге асырылған болатын. Алайда аталмыш бағдарламаның жүзеге асырылу барысына талдау көрсеткендей, бағдарламаның көптеген бағыттары толық немесе мүлдем жүзеге асырылмаған, оның ішінде мемлекет пен бизнестің тепе-теңдік қатысуын көздейтін моноқалалардың экономикасын әртараптандыру, жүйе құраушы кәсіпорындарды жаңғырту, тиімді жұмыс орындарын құру, болашағы бар инвестициялық зәкірлі жобаларды жүзеге асыру және т.б. Көптеген моноқалалардың жеке болашағы бар даму жоспарлары әлі құрастырылмаған немесе құрастырылу үстінде.

Қазіргі кезде Қазақстандағы монобейінді жергілікті құрылымдардағы жедел шешімді талап ететін төмендегідей өзекті экономикалық мәселелер ажыратылады: халықтың біртіндеп демографиялық кемуі, тозған және апатты ескірген тұрғын үйлердің үлкен үлесі, қызмет түрлері мен жұмыспен қамту салаларының төмен деңгейдегі әртараптандырылуы, жергілікті бюджеттердің қала құраушы кәсіпорындарға (бейінді салаға) және өтеусіз түсімдерге жоғары тәуелділігі, пайдаланылатын кен орындарының сарқылуы, көлік желісінің және инфрақұрылымның әлсіз дамуы (монобейінді қалалардың негізгі экономикалық орталықтардан қашықтығы), шағын және орта бизнес көлемінің аздығы, қала құраушы кәсіпорындар орналасқан аумақтағы шамадан тыс экологиялық жүктеме және т.б.

Зерттеудің негізгі болжамы моносалалық мамандану тәуекелдің жоғары деңгейімен байланысты, сондықтан Қарағанды облысы моноқалаларындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы, ең алдымен, тау-кен металлургия саласындағы өндірістерді әртараптандырумен және инновацияларды енгізумен қатар жүргізілуі тиіс.

Бағдарламаға сәйкес зерттеу облысы бойынша сегіз моноқала анықталап, оның ішінде үш қала: Жезқазған, Теміртау, Балқаш — даму әлеуеті жоғары моноқалаларға жатқызылды, ал бесеуі — Қаражал, Саран, Сәтпаев, Шахты және Абай қалалары даму әлеуеті орта моноқалалар болып айқындалды. Осы жоба шегінде Қарағанды облысында моноқалаларды дамытудың кешенді аймақтық жоспары әзірленді.

Бағдарламада көрсетілгендей, моноқала дегеніміз — бұл бір немесе бірнеше (көп емес) қалақұраушы, бір бейінді және шикізаттық бағыттағы қаланың экономикалық және әлеуметтік жағдайын айқындайтын кәсіпорындарда еңбекке жарамды халықтың және өнеркәсіп өндірісінің негізгі бөлігі (20 % астамы) шоғырланған қала [4].

Қарағанды облысы моноқалаларының келесі түрлерін ажыратуға болады:

- өндіруші өнеркәсіпті басым дамыған (бұл көмір өндіруге маманданған — Абай, Шахты; металл кендерін өндіруге маманданған — Қаражал, Балқаш, Жезқазған, Теміртау моноқалалары);
- өңдеу өнеркәсібінің басым дамыған (химия өнеркәсібінде маманданған — Саран моноқаласы).

Облыс бойынша экономикалық дағдарыстан металлургиялық ресурстарды өндіру салаларымен айналысатын Балқаш, Теміртау, Жезқазған және тағы басқа моноқалалар анағұрлым қатты зардап шекті. Қара металлургияға маманданған қалалар үшін 2008–2009 жж. экономикалық дағдарыс шын мәнінде ауыр сынаққа айналды, металлургия өндірісі көлемі бірнеше есе азайды. Бұл ретте металлургиялық компанияларға жұмыспен қамтуды қысқарту қиын болды. Дегенмен, шығындарды төмендету қажет болды: жұмысшылардың жалақыларының төмендеп, жұмыс аптасы қысқартылып, мерзімінен тез зейнетақыға шығу байқалды [5; 209].

Анағұрлым экономикалық зардап шеккен Қарағанды облысында металлургиялық моноқалаларында (Балқаш, Теміртау және т.б.) төлемдерді, әсіресе тұрғын үй несиелері бойынша төлемдердің мерзімін өткізіп алу басталды. Сондай-ақ 2007–2008 жж. металдарға әлемдік бағаның төмендеуінен туындаған қаржылық дағдарысқа байланысты ЖШС «Қазакмыс корпорациясы» және «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның экспортқа бағдарланған кәсіпорындарының өнімдеріне сұраныстың қысқаруының әсерінен өндірістің нақты көлемі индексінің төмендеуі байқалады. Бұдан басқа, Қарағанды облысы бойынша өндірістік өнеркәсіптерден қызметкерлердің экономиканың басқа салаларына кетуінің қарқыны байқалады. 1-кестеде Қарағанды облысының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері берілген.

1 - кесте

**Қарағанды облысы дамуының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері, %**

Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2013 жылдан 2017 жылға, %
Өнеркәсіп өндірісінің көлемі, млрд тенге	212,7	810,3	829,8	1701,2	1 421,1	85
Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі, млрд тенге	32,3	198,2	211,7	263,8	167,7	81
Жұмыссыздық деңгейі, %	5,2	4,9	4,9	4,9	4,8	-8,3
Күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы, орта есеппен бір жылға, теңге	16920	18 579	20 011	20015	24 627	32

Ескерту. [6] әдебиет көзін пайдалана отырып, авторлар құрастырған.

Кестедегі деректерге сәйкес, облыстағы өнеркәсіп көлемінің 2013 жылдан 2017 жылға дейін 85 %, ал негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің 81 % артқанын байқауға болады.

Алайда Қарағанды облысы өнеркәсібінің базалық салалары бірқатар мәселелерге ие, олардың қатарына төмендегілерді жатқызуға болады:

- дәстүрлі және ескірген технологиялардың үстемдігі;
- негізгі өндірістік қорлардың баяу жаңартылуы;
- инвестицияның тапшылығы;
- несиелік ресурстар бойынша жоғары пайыздық мөлшерлемелер;
- аралас кәсіпорындардан шығатын инновацияларды енгізуге ірі корпорациялардың әлсіз қызығушылығы;
- облыстың өнеркәсіп кәсіпорындарын қолдаудағы өңірлік және, ең алдымен, ұлттық даму институттарының төмен белсенділігі.

Ал күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы 2013 жылдан 2017 жылға дейін 32 % көтерілгенін байқауға болады, бірақ бұл қазіргі кездегі күнкөріс деңгейінің қымбаттауын есепке алғанда өте жоғары көрсеткіш емес.

Аталмыш облыстағы жұмыссыздық мәселесіне келетін болсақ, жұмыссыздықты жою кез келген моноқаланың әлеуметтік-саяси ахуалын жақсартудың негізгі жолы болып табылатыны анық. Бұл мәселені шешудің жолдарына кәсіптік қайта даярлау бағдарламаларын ашу, шағын бизнес пен жеке кәсіпкерлікті қолдаудың тетіктерін анықтау болып табылады. Алайда зерттеу көрсеткендей, халықтың неғұрлым белсенді бөлігі моноқалалардан ірі мегаполистерге кеткенді жөн көреді екен. Және оны өз қалаларындағы жұмыс орындарының азайғанының, ірі қалалар мен облыс орталықтарына қоныс аудару легінің артуынан байқауға болады (2-кесте).

**Қарағанды облысы моноқалаларының көші-қоны қозғалысы, адам**

Моноқалалар	Көші-қон сальдосы (+,-)		Келген		Кеткен	
	2016 ж.	2017 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2016 ж.	2017 ж.
	Балқаш	-617	-593	1691	2272	2308
Жезқазған	-890	-841	1811	2636	2701	3477
Қаражал	-603	-364	257	440	860	804
Саран	-72	-88	878	1322	950	1410
Сәтпаев	-1218	-850	984	1772	2202	2622
Теміртау	-849	-270	3048	4248	3897	4518
Шахты	-149	-381	1447	2093	1596	2474
Абай	-377	-526	1580	2067	1957	2593

Ескерту. [6] әдебиет көзін пайдалана отырып, авторлар құрастырған.

Облыстың көптеген моноқалаларында халық саны қысқарған, нәтижесінде халық санының едәуір азаюы Шахты, Абай, Теміртау, Жезқазған және тағы басқа қалаларында байқалады. Жоғарыда айтылғандай, оның басты себебі жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамтудың жоғары деңгейі, халықтың төмен ақшалай табысы, білім алуға ұмтылуы.

Қарағанды облысының дағдарыстан неғұрлым зардап шеккен моноқалаларындағы негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің өзгеру серпінін қарастырып көрейік (3-кесте).

**Қарағанды облысы моноқалаларының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері (Теміртау, Балқаш, Сәтпаев моноқалалары), %**

Көрсеткіштер	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2014 жылдан 2017 жылға, %
<b>Теміртау қаласы</b>					
Өнеркәсіп өнімінің (жұмыс, қызмет) көлемі, млн теңге	410 149,9	374 924,0	586 457,6	728 495,6	+43,7
Өнеркәсіп өнімінің көлемі бойынша облыстағы қала үлесі, %	29,5	27,5	30,9	32,2	+8,4
Нақты жалақының өткен жылғы тиісті тоқсанға, %-бен	98,8	97,6	84,4	96,7	-2,1
<b>Балқаш қаласы</b>					
Өнеркәсіп өнімінің (жұмыс, қызмет) көлемі, млн теңге	301 313,0	255 657,4	366 175,2	331 399,6	+9,6
Өнеркәсіп өнімінің көлемі бойынша облыстағы қала үлесі, %	21,7	18,7	19,3	14,7	-48
Нақты жалақының өткен жылғы тиісті тоқсанға %-бен	102,0	112,9	98,6	99,4	-2,4
<b>Сәтпаев қаласы</b>					
Өнеркәсіп өнімінің (жұмыс, қызмет) көлемі, млн теңге	7 506,4	13 599,1	44 267,0	44 924,6	+83,3
Өнеркәсіп өнімінің көлемі бойынша облыстағы қала үлесі, %	0,5	1,0	2,3	2,0	+75
Нақты жалақының өткен жылғы тиісті тоқсанға %-бен	98,4	103,3	94,7	97,9	-0,5

Ескерту. [6] әдебиет көзін пайдалана отырып, авторлар құрастырған.

Талдау көрсеткендей, негізгі экономикалық көрсеткіштердің ішінде, әсіресе өнеркәсіп өнімінің көлемінің сәйкес өсуі байқалғанымен, қала құраушы кәсіпорындардың көптеген бөліктері

жұмыскерлерге төлейтін жалақының мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің көлемінен аспайды және де кәсіпорындар қызметкерлерін еріксіз әкімшілік еңбек демаласына жиі жіберетіні байқалады.

Аталмыш жағдай елдің белгілі аумақтарында әлеуметтік шиеліністің өсуі мен кедейлік деңгейінің артуына әкеп соғады. Алайда, тұрғылықты адамдар жұмыссыздыққа қарамастан, аз жалақы алса да, өз елді мекендерінен кетуге асықпайды. Оның себебі қалыпты тұрғын үй нарығының жоқ болуы және де бір қаладан пәтер сатып, басқа қаладан пәтер алу мүмкіндігінің төмендігімен түсіндіріледі. Қарағанды облысының моноқалаларында еліміздегі басқа да облыстардың моноқалаларындағы сияқты дұрыс әрі тиімді қызмет атқаратын еңбек нарығының жоқ болуы. Сондықтан аталмыш қалалардағы шешілуге тиісті басты міндет — ол экономикалық белсенді тұрғындары еңбекақысы лайықты болатын тиімді жұмыс орындарын құру болып табылады.

Алайда Қазақстандағы моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық мәселелері әртүрлі, сол себепті олардың шешімдері де алуантүрлі болмақ. Моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің шешімі — ол кәсіпорындарды қайта құрылымдау, қосалқы жұмыс орындарын ашу, моноқалалар экономикасын әртараптандыру, технобақтар мен бизнес-инкубаторлардың бюджеттік құралдарын тартудан тұратын шағын бизнесті дамыту бойынша жеке бағдарламалар құрастыру, сонымен қатар, өзін-өзі жұмыспен қамтуға қолдау жасау болып табылады.

Шағын және әлеуметтік мәселелері жоғары қалалармен, моноқалаларды дамыту бағдарламаларынан жүзеге асыру жеткіліксіз. Сонымен бірге жергілікті экономикалық мәселелерді шешу үшін жергілікті билік органдарының құзыреттіліктері мен атқару функцияларын кеңейту қажет. Мемлекеттік бағдарламалардан бөлек, әрбір моноқала бәсекеге қабілеттілікке бағытталған, аумақтың ресурстық әлеуеттерін ескере отырып, өздерінің жеке даму, инновациялық даму стратегияларын құрастыруы қажет. Яғни моноқаланың дамуын тежейтін түрлі факторларды анықтай отырып, жеке зерттеу жұмыстарын жүргізе келе әрбір моноқалалар өздерінің жеке даму бағдарламаларын жасағандары абзал. Ол үшін моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне мониторинг жасау қажет және де даму болашағы пен беталысын айқындау керек. Осы тұста қаланың барлық мүмкіндіктерін ескере отырып, оның дамуының стратегиялық бағыттарын анықтау және әлеуеттерін айқындаудан тұратын бенчмаркинг өте тиімді әдіс болып табылады.

Қазіргі кезде еліміздің шикізаттық маманданған экономикадан инновациялық экономикаға ауысуы жағдайында шағын және моноқалалардың әлеуетін тиімді пайдалану ерекше маңызды болып табылады. Бүгінгі күнде Қазақстан экономикасының стратегиялық маңызды міндеттерінің бірі болып шағын және моноқалалардың тиімді инновациялық дамуы болып қалыптасып келеді.

Аумақтардың инновациялық даму стратегиясы әрбір аумақтың дамудағы шектеулер мен негізгі алғышарттары негізінде әрбір қаланың деңгейіндегі толыққанды зерттеулерден тұруы тиіс [7;196].

Сонымен бірге еліміздің шағын және моноқалаларының ресурстық әлеуетін айқындаудың жеке тәсілдері қажет. Моноқалалардың тұрақты немесе тұрақты емес дамуын қамтамасыз ететін ресурстық мүмкіндіктеріне байланысты оларды келесі топтар бойынша жіктеуге болады: 1) жағымды даму қарқыны мен әлеуеті бар және олардың өздігінен дамуына жеткілікті моноқалалар; 2) тұрақты даму үшін өзінің ресурстық әлеуеті бар, бірақ оларды толыққанды пайдаланбайтын моноқалалар; 3) әлсіз ресурстық әлеуеті бар және олардың өздігінен даму мүмкіндігін қамтамасыз ете алмайтын моноқалалар.

Шағын және моноқалалардың даму деңгейлеріндегі айырмашылық пен аумақтардың экономикалық мамандану, әлеуметтік-демографиялық, тарихи-мәдени, табиғи-ресурстық әлеуеттерінің өзгешіліктерін ескере отырып, мүмкін болатын инновациялық даму стратегиясын қалыптастыруға болады:

– инновациялық дамуды белсендіру стратегиясы — жағымды беталыстарды қарқындатуды, моноқаланың арнайы әлеуметтік-экономикалық жоғары нүктесін (нишасын) іздеуді, жергілікті ресурстарды барынша тиімді қолдануды, азаматтық бастаманы ынталандыруды және де қоғамдық мәндегі мәселелерді шешуде мемлекеттік-жеке серіктестікті жүзеге асыруды білдіреді;

– өзін-өзі дамыту әлеуетін ынталандыру стратегиясы — ішкі ресурстарды пайдалануға барлық күштерді жұмылдыруды білдіреді: шағын бизнесті, оның ішінде жергілікті ресурстарға негізделген және дәстүрлі кәсіпті дамыту; ауылшаруашылық шикізаттарын өңдеу бойынша шағын кәсіпорын құру, туристік-рекреациялық қызметті кеңейту (аумақтың табиғи, тарихи-мәдени ресурстарын пайдалана отырып, туристік орталықтарды дамыту), қызмет көрсету саласын жетілдіру және т.б.

– оңалту (қалпына келтіру) және моноқаланың экономикалық кеңістігін мемлекеттік қолдау стратегиясы, мұнда қаланың нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайына, әлеуеттік ресурстарына

шынайы баға беру жүзеге асырылады. Аталмыш стратегия әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздіктің ең төменгі деңгейін қамтамасыз етуге, оның ішінде барлық қала тұрғындары үшін әлеуметтік кепілдемелерді қамтамасыз етуді қолдауға, халықтың әлеуметтік әлсіз топтарын қорғауға бағдарланған.

Аталмыш стратегияларды жүзеге асыру арқылы шағын және моноқалалардың ағымдық мәселелерін шешуге және оларды тұрақты дамуларын мүмкіндік береді. Алайда аталған стратегияларда инновациялық құрамдас бөлігі әлсіз ескерілген. Себебі нақты инновациялық даму стратегиясын құрастырмас бұрын аталмыш моноқалалардағы ағымдық әлеуметтік-экономикалық, демографиялық мәселелерді шешіп алуымыз керек. Бүгінгі күнге дейін, жалпы алғанда, Қазақстанда шағын және моноқалалардың нақты инновациялық дамуының стратегиясы қалыптаспаған.

Біздің көзқарасымыз бойынша, моноқалалардың инновациялық даму стратегиясын қалыптастыруда ескерілуге тиісті кезеңдерге: біріншіден, моноқаланың ресурстық әлеуетіне және мамандану ерекшелігіне бағдарланған сараланымдық ыңғайды (тәсілді) қолдану; екіншіден, жергілікті деңгейде инвестициялық үдерістерді белсендіруде мемлекеттің рөлін ескеру; үшіншіден, инновациялық үрдістерді жергілікті басқару сапасы мен тиімділігіне сүйену және т.б.

Аталған талаптарды ескеру арқылы инновациялық стратегия негізінде жекеленген аумақтарды, оның ішінде моноқалаларды дамытудың кешенді тәсілдерін қамтамасыз етуге болады, ал тиімді жүргізілген стратегия олардың бәсекеге қабілеттілігін және әлеуметтік-экономикалық жағдайының тұрақтылығын арттыратыны сөзсіз.

Президенттің 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына арнаған «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауында халыққа әлеуметтік қызмет көрсету ісінің сапасын арттыру мен тұрғын үй жағдайын жақсарту мүмкіндіктерін кеңейтумен қатар, өмір сүруге жайлы орта қалыптастыру мәселесіне ерекше көңіл бөлінген [8]. Мемлекет басшысы еліміздің 2030 жылға дейінгі аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды сызбасын әзірлеуді тапсырды. 2030 жылға дейінгі аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды сызбасын әзірлеу аясында шешілуі тиіс тағы бір өзекті мәселе, сарапшылардың пікірінше, моноқалалардың инфрақұрылымдық жайластырылуы [9].

Біздің ойымызша, әрине, Қазақстанның, тіпті бір облыста орналасқан моноқалалар үшін қолдаудың түрлі формалары мен әдістері пайдаланылғаны абзал, және де ескерілетін жайт, ол моноқалаларға мемлекеттік қолдау жасаудың анағұрлым тиімді әдісі болып уақытша қаржылық құюлар мен жеңілдіктер ғана жасау емес, және де олардың аумақтарында қысқа мерзімді кезеңде (3–4 жыл) ерекше бюджеттік тәртіптемесін құрастыру болып табылады.

Қорытындылай келе, моноқалалардың инновациялық даму стратегиясы (дамудың болжамды бағдарламасы) жаңа кәсіпорындар құру, кәсіпкерлікті жандандыру мақсатында шағын несиелер көлемін ұлғайту, инженерлік инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ экономиканы ұзақмерзімді әртараптандыруға бағытталған баламалы өндірістерді орналастыру бойынша жобаларды әзірлеу көзделуі тиіс. Және де инженерлік, көлік және әлеуметтік инфрақұрылымның төмен деңгейі бар моноқалалар күрделі жағдайда қалып отырғанын ескере отырып, бұл инфрақұрылым нысандарының негізгі құралдарын жаңарту қажет.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Давыдов И.Ш. Моногорода: проблемы и перспективы развития: учеб. / И.Ш. Давыдов, В.Г. Тимирязов, А.М. Мальшкин. — Казань: Изд-во «Познание» Ин-та экономики, управления и права, 2011. — 220 с.
- 2 Зыкова Н.В. Малые города в системе социально-экономического развития региона: современные тенденции и проблемы / Н.В. Зыкова, С.В. Хозяинова // Проблемы современной экономики. — 2011. — № 4. — С. 264–268.
- 3 Завалишин А.В. Историческая периодизация монопромышленных территорий / А.В. Завалишин // Инвестиции в России. — 2010. — № 4. — С. 54–59.
- 4 Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 июня 2014 года № 728 «Об утверждении Программы развития регионов до 2020 года» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1400000728>
- 5 Нурланова Н.К. Города как точки роста экономического пространства Казахстана: тенденции и перспективы развития / Н.К. Нурланова // Проблемы и развития территории». — 2016. — Вып. 5 (85). — С. 208–211.
- 6 Официальный сайт Комитета по статистике МНЭ Республики Казахстан [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://stat.gov.kz>.
- 7 Гринчель Б.М. Экономические стратегии активных городов: учеб. / Б.М. Гринчель, К. Шуссман, Н.Е. Коростылева. — СПб.: Наука, 2002. — 495 с.

8 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. — № 190 (29421). — 2018. — 6 қаз.

9 Сарапшылар Жолдау туралы: Болжамды схема өңірлерге бәсекелестік артықшылықтарды пайдалануға және экономикалық өсім қорларын анықтауға жол ашады [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://primeminister.kz/kz/news/all/17323>

А.А. Маймурунова, Е.М. Арын

## Стратегии инновационного развития моногородов Карагандинской области

В статье рассмотрены вопросы инновационной модернизации моногородов в Карагандинской области. Определены предпосылки и социально-экономические последствия становления и развития моногородов. Проведена оценка результатов реализации программы развития моногородов Республики Казахстан на 2012–2020 годы. Вместе с тем раскрыты актуальные экономические проблемы в Казахстане, требующие оперативного решения в монопрофильных местных структурах. Определены последствия влияния кризисов и изменений на экономическое положение моногородов и в результате анализа основных социально-экономических показателей развития Карагандинской области за 2014–2017 гг., обоснована необходимость социально-экономического развития моногородов области и повышения уровня жизни населения. Во многих моногородах области численность населения сократилась, в результате значительного уменьшения численности населения в городах Шахты, Абай, Темиртау, Жезказган и др. В результате анализа выявлена недостаточная реализация программ развития моногородов, городов с высокими социальными проблемами, определена необходимость расширения компетенции и исполнительных функций местных органов власти для решения постоянных экономических проблем. Кроме реализации государственных программ, каждый моногород должен разработать собственные стратегии развития, инновационного развития с учетом ресурсного потенциала региона, ориентированного на конкурентоспособность региона.

*Ключевые слова:* моногород, инновация, инновационное развитие, инновационная стратегия, диверсификация экономики, градообразующее предприятие, социально-экономические проблемы, экономический потенциал.

А.А. Maimurunova, E.M. Aryn

## Strategies for the innovative development of single-industry towns of Karaganda region

In the article the issues of innovative modernization of single-industry towns in Karaganda region are discussed. The socio-economic consequences of the formation and development of single-industry towns are also identified. The results of the implementation of programs for the development of single-industry towns of the Republic of Kazakhstan for 2012–2020 were evaluated. At the same time, in Kazakhstan, operational decisions are required in single-industry local structures. The consequences of the impact of crises and changes on the economic situation of single-industry towns and as a result of an analysis of the main socio-economic indicators of the development of Karaganda region for 2014–2017 have been determined, the necessity of the socio-economic development of the regional single-industry towns and raising of the standard of living of the population has been justified. In many single-industry towns of the region, the population has declined, as a result of a significant reduction in the population in the cities of Shakhty, Abay, Temirtau, Zhezkazgan, etc. As a result of the analysis, the insufficient implementation of programs for the development of single-industry towns and cities with high social problems was identified, the need to expand the competence and executive functions of local authorities to solve permanent economic problems was identified. In addition to the implementation of state programs, each single-industry city should develop its own development strategies, innovative development, taking into account the region's resource potential, focused on the region's competitiveness.

*Keywords:* single-industry town, innovation, innovative development, innovation strategy, economic diversification, city-forming enterprise, socio-economic problems, economic potential.

## References

1 Davydov, I.Sh., Timiriasov, V.G., & Malyskin, A.M. (2010). *Monohoroda: problemy i perspektivy razvitiia [Single-industry towns: problems and development prospects]*. Kazan: Izdatelstvo «Poznanie» Instituta ekonomiki, upravleniia i prava [in Russian].

2 Zykova, N.V., & Khoziainova, S.V. (2011). *Malye horoda v sisteme sotsialno-ekonomicheskogo razvitiia rehiona: sovremennye tendentsii i problemy* [Small cities in the system of social and economic development of the region: current trends and problems]. *Problemy sovremennoi ekonomiki – Problems of the modern economy*, 4, 264–268 [in Russian].

3 Zavalishin, A.V. (2010). Istoricheskaia periodizatsiia monopromyshlennykh territorii [Historical periodization of single industrial areas]. *Investitsii v Rossii – Investments in Russia*, 2, 54–59 [in Russian].

4 Postanovlenie Pravitelstva Respubliki Kazakhstan ot 28 iunia 2014 hoda No. 728 «Ob utverzhdenii Prohrammy razvitiia rehionov do 2020 hoda» [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan of June 28, 2014 N 728 «On Approving the Program for the Development of Regions until 2020»]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1400000728> [in Russian].

5 Nurlanova, N.K. (2016). Horoda kak tochki rosta ekonomicheskogo prostranstva Kazakhstana: tendentsii i perspektivy razvitiia [Cities as points of growth in the economic space of Kazakhstan: trends and development prospects]. *Problemy i razvitiie territorii – Problems and development of the territory, Issue 5 (85)*, 208–201 [in Russian].

6 Ofitsialnyi sait Komiteta po statistike MNE Respubliki Kazakhstan [Official website of the Statistics Committee of the Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan]. *stat.gov.kz*. Retrieved from <https://stat.gov.kz>. [in Russian].

7 Grinchel, B.M., Schussmann, K., & Korostyleva, N.E. (2002). *Ekonomicheskie stratehii aktivnykh horodov* [Economic strategies of active cities]. Saint Petersburg: Nauka [in Russian].

8 Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti N.A. Nazarbaevtyн «Kazakstandyktardyn al-aukatynyn osui: tabys pen turmys sapasyn arttyru» Kazakstan halkyna Zholdauy (2018, October 6) [President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev Address of the President of Kazakhstan to the people of Kazakhstan «Growth of welfare of Kazakhstan: prosperity and quality of life»]. *Ehemen Kazakstan – True Kazakhstan*, 190 (29421) [in Kazakh].

9 Sarapshylar Zholdau turaly: Bolzhamdy skhema onirlerhe baselestik artykshylyktardy paidalanuha zhane ekonomikalyk osim korlaryн anyktauha zhol ashady [Experts on the Address: The proposed scheme allows regions to use competitive advantages and identify economic growth stocks]. *primeminister.kz*. Retrieved from [https:// primeminister.kz/kz/news/all/17323](https://primeminister.kz/kz/news/all/17323) [in Kazakh].